

17065



ТӨЛЕГЕН
ҚАЖЫБАЕВ

ЖОЛ БАСЫ



**ТӨЛЕГЕН
ҚАЖЫБАЕВ**

ЖОЛ БАСЫ

ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМА



„Жалын“ баспасы. Алматы, 1977ж.

Қажыбаев Төлеген.

Қ 15 Жол басы. Өлеңдер мен поэма. Алматы,
«Жалын», 1977.
68 бет.

Қаз 2

Төлеген Қажыбаевтың өлең-жырлары оқушы қауымына көптен таныс. Ол республикалық мерзімді басылымдар бетінде өзінің ойлы, ширақ жырларымен, шымыр шумақтарымен жиі көрініп жүр.

Бұл жинақ — жас ақынның жыр сапарының «жол басы». Солай болса да оның ақындық ойға орап, өлеңдік өрнек жасаудағы шыңдала бастаған шеберлігі айқын із тастаған.

017095

ИБ № 377

© «Жалын» баспасы, 1977 ж.

К 70303—112

408(07)77

140—77

Северо-Казахстанская областная
БИБЛИОТЕКА
г. ПЕТРОПАВЛОВСК

Бірінші бөлім



Өлеңдер



ЖОЛДАР

Ей, адамдар!
Жол біткенді жердің емес, бабамның
Маңдайдағы әжімі деп санаңдар.
Сап ғасырдың құзырына бас ұрған
Тас біткеннің айғыздалған бетіне
Көне тарих шежіресін жасырған.
Жолдар, жолдар...
Жолдар ошіп қалмаған,
Өйткені, ол сап ғасырды жалғаған.
Бабалардың жүріп откен іздері,
Сол іздердің жалғасы деп ұғайық
Асфальтың мен темір жолды біздегі.
Жол бітпейді.
Сопау көне ғасырдан
Аталардың тартқан сүрлеу соқпағы
Бүгін Айдың пығына асылған.
Ешқашан да жол өшеді демеңдер,
Жол — адаммен бір жасасқан кемеңгер.
Жол — адамзат тарихының беттері,
Жол — бабамның тері сіңген кетпепі,
Жол — соғыстың жалыныпа қақталып,
Қамалдардың қаңқа болып шоккепі.
Жол — сұлудың нәзік сырлы қиялы.
Жол — қырапның қос қанаты зулаған,
Шалып сонау құзар шың мен қияны.
Жол адаммен бірге жасап келеді.

Аға салған жол сүрлеуіп қашанда
Ұрпақ біткен жалғастыра береді.
Жер бетіне өшпестей боп қашалғап,
Жол адамның іздерінен жасалғап.
О, адамдар!
Жол біткенді мәңгілік
Өшпейді деп санаңдар.

□ □ □

ЖАСТЫҚ ӘУЕНІ

Жығылсам биіктерден жығылармын,
Жығылармын, сан сырды ұғынармын.
Өмірімнің үйреткен шыңдығы сол,
Шындығы сол — жығылмай шынығар кім?
Сүрінермін, сүйер жап табылады,
Арқаланып келемін ары барды.
Маңдайымда мақпалдай алақаның
Бірге жасар жаныммен табы қалды.
Жастықтан тұрғанымда ерен күш ап,
Асауын қындықтың берем тұсап.
Қияға көз тігетін кезім ғой бұл,
Самғайтын биігіме қыран құсап.
Жарқылдар жүзі болып ақ алмастың,
Селдеткен түтекпенен сап алмастым.
Кеудемде бүршік атып жастық тұрса,
Жасын боп жарқылдамай қала алмаспың.



КӨКТЕМДЕЙ КӨСЕМ КЕЛБЕТІ

Мың бұрау бұлақ былдырлап тастан құлаған,
Бозторғай үні өзінше бір ән құраған.
Көңілдер көктеп, көктемдей көлкіп жатқанда
Қалайша, қайтіп жырламай шыдап тұра алам.
Атырап түгел түрленген түсті сағымдай,
Желкілдеп желек жігіттің жайсаң шағындай,
Көктеммен жапым жадырап қалар мен түгіл,
Кұстар да келмес осынау күнге сағыпбай.
Армысың көктем, көктеңбіл түске боялғап,
Көңілдер қайтып көркіңе сенің тоя алған.
Өйткені сен сарыла күткен армансың,
Миллиондардың сағыныштарынан оянғап.
Тырнаның тартқан сүйкімді сазы тербетіп,
Арайлы нұрмен аялап туғап жер бетін,
Осынау ғажап шырайы шуақ көктемнен
Сеземін әсте мерейлі көсем келбетін.
Азапсыз, мұңсыз бақытын көптің қалаған,
Көктемде туып, көктем боп жерге тараған,
Ильичтік нұрмен есейіп мен де ержеттім,
Осы бір нұрмен марқайғап бүгін бар адам.



ЛЕНИНДІК СЕНЫЛІК

Сәуірдің ескең шақта таң самалы,
Бір сарын желпіп өтті сай-салапы.
Еңбекке туған елін тік тұрғызғап,
Заводтар әрбір тұстап жар салады.
Отанның дүр сілкініп бар алабы,
Советтің сапқа тұрды әр адамы.
Тоғысқан болат жолды деполардан
Басталды ұлы еңбектің зор парады.
Сол шеру жарты ғасыр жүгіп артқап,
Тоқырап, толас қормей алға тартқан.
Өйткені дана көсем өзі бас боп:
— Ең ұлы бастама! — деп дабыл қаққан.
Күн көсем мейіріндей таң самалы,
Аралап бара жатыр паң даланы.
Советтік салтанатты тағы әйгілеп,
Әлемге осынау шеру жар салады.



ҚАЙРАН ӘКЕ

Өзің жайлы жиі ойлаймын оңашада қалғанда,
Самғауменен қиял құсым топшысынан талғанда.
Сағыныштан сарғаюмен қамығатын шағым көп,
Жан көкешім, ерте үзіліп кеттің-ау деп арманда.
Жігіттіктің додасында намыс туын көтерген,
Жалықпапсың, қайран әке, ел парызын өтеуден.
Қимасындай қызық шақтың
той думанын тарқатпай,
Сол бір апат кезікпесе олең болып өтер ме ең.
Маңайыңды жатса-дағы жалындаған от шарпып,
Тар окопта отырдың ба туған елден сыр тартып.
Ақын жанды аңқылдаған кейпіңменен әлде сен
Жаттың ба екеп көк майсада
көкірегіңнен күй шалқып.
Үйде қалған домбыраңның қос шегіндей ширғып,
Тұрдың ба екен көкірегіңді намыс оты күйдіріп.
Басталмаған бір ән болып толқып әлде жүрдің бе,
Кеңашының бар аңғарын көкірегіңе сидырып.
— Анау шепті бұзу керек еңкейгенше екінді, —
Деген бұйрық алып әлде тас түйін боп бекіндің,
Сөйттің-дағы ұран тастап
шықтың ба екеп суырылып,
Ауыздықсыз асау мінген атаң қазақ секілді.
Ақ алмастай жарқ-жұрқ етіп
жау шебіне шаптың ба
Қас дұшпанды хас батырдай өкпе тұстан аттың ба,
Туған елдің бар алабы көз алдында дөңгелеп,
Жаутаң қағып әлде, әке, қанға батып жаттың ба?
Тая соқпас снарядтар жарылғанда тап алдан,
Көк құрыштың сынығы ма көкірегіңе қадалған.
Балдай тәтті базарлы өмір оты сопіп мәңгілік,
Осылайша сап болды ма үміт, тілек, бар арман.
Қаһарланған жай оғындай
жарқ етіп бір жандың да.

Мерт болсаң да мәрттігіңді мұрат тұтып қалдың ба.
Ата жауды дәлдеп атпай, жүрек тулап, дірілдеп,
Қарыздар боп кеттің бе әлде туған елдің алдында.
Жоқ, жоқ, әке, сенем саған, бөтен ойдан аулақпын,
Жабықтырма жаңсақ ойлар,
жөпіңе көш, аулақ мұң.
Селдеп келген сағыныштан туған сендік сезімді
Кіршігі жоқ ақша қардай ақ көңілге аунаттым.
Өйткені мен сен жүрмеген
жолдарыңды жалғаймын,
Арман болған биігіңді алу үшін самғаймын.
Ұғынбасам ұлылықты ұл болғанның несі сән,
Арқама кеп қонсын, әке, бар қуапыш, бар қайғың.
Сүмбіледей сорғалаған сел сезім боп ағармын,
Домбыраңның қос шегін де сол сезім боп қағармын.
Әуелете, аспандатып айтпай кеткен әніңді
Сан соқпақпен сабылсам да әйтеуір бір табармын.
Менің-дағы бар шығар деп шалқар тойым алдымда,
Мінбей кеткен пырағыңды ұстап келем бабында.
Сен түспеген ұлан-асыр дүбірі мол жарыстан
Шет қалуым намыс қой шаңқай түстің шағында.



ЕГІНШІ ЕРГЕ

Дән — теңізде жүрмісің, менің диқан бауырым,
Сезінемін жаныммен міндетіңнің ауырын.
Десте шайнап, дән бүркіп бүлкіл қаққан комбайн,
Солқылдатып келеді егінжайдың сауырын.
Сыпылдаған сұр шалғы сырылдайды сусылдап,
(Шашаларын білесің дестелерге су сіңді-ақ),
Тұғырында қалғымас қыран тектес буырым,
Ақтарылған бидайдан тұр-ау жаның сусындап.
Бұрқыраған ақ тозаң — ащы терің төгілген,
Жыр шумағы секілді мынау дестең өрілген.
Сенің асқақ тұлғаңа табынамын бас піп,
Ас атасы ақ папға орын берем төрімнен.
Ақ бидайы ақықтай, дән шалқытқан нар далам,
Қызыл қырман қырдағы паубайхана аумаған.
Сенің сертің берік серт, екі сойлеу жат саған.
Содан болар ізіңнен ел ырысы саулаған.
Егінжайлар елендеп, тілеп жатыр мол қарқын,
Мен де соны тілеймін, соны тілер бар халқың.
Қарқыныңа қарқын қос, барыңды сал, аянба,
Осылайша көтерер, көтерер жан ел даңқын.



АҚЫҚ ТЕКТЕС АҚ БИДАЙ

Атты да дала таңы алтын кіршік,
Жіберді төңірекке жұпар бүркіп.
Жел сүйген жез сабақты ақ бидайдың
Сал самал бара жатыр шығын сілкіп.
Сыпырып алақапмен маңдай теріп,
Мінді де кемесіне диқан ерім.
Аттанды таңмен талас егіпжайға,
Еңбекпен дүр сілкіптіп туған жерің.
Шалғының сусылдаған сырылы да,
Дестенің тоқсан тарау бұрымы да,
— Ақ нан! — деп әндетеді диқан-дағы,
Тік тұрған комбайнның тұғырыңда.
Деген ол: «Маңдай тердеп дән құйылсып»,
Ақтарып, аңқытады нан пісіп.
Десек те дала жомарт, диқансыз ол
Қалайша қайта түлеп, бойы пісіп?
Сөнді де жусап жатқан жұлдыз шамы,
Тағы атты арайлы алтын дала таңы.
Ақтарды ақық тектес ақ маржанды
Диқанның құт дарыған алақаны.



ДОСТЫҚ КҮШІ

Көкше өдіріне бауырлас Украинадан көмекке келген дақты комбайншы, Социалистік Еңбек Ері Константин Бельскийге жерлес диқан, Социалистік Еңбек Ері Сертай Бектұрғанов қазақтың құндыз беркі мен оқалы шапанын сыйға тартты. Бұл орақ төсінде тоғысқан ұлы достықтың жарасымды көрінісі еді.

(Газеттен)

Байтақ дала, бағаң басым ежелден,
Сен болмасаң жомарттықты сезер ме ем.
Құт қотарып қуантумен келесің,
Жүзің жарқын, кезің қалған кезерген.

Бұлдыр мұнар перде тартып сағымнан,
Бала қиял жол таба алмай сабылған.
Сонда сенің жалпақ жоның елеңдеп,
Соқа тиер ұлы күнді сағынған.

Соқты сағат, тасқынды күш ағылды,
Басталды еңбек, тыңға қазық қағылды.
Сан мың мотор тартты алға гуілдеп,
Тоң төңкеріп, сырып тастап сағымды.

Асау дала, бұғалыққа бағындың,
Бойың иіп, береке боп ағылды.
Достық еңбек тоғысты да кеудеңде,
Шаттығы мол шамшырақ боп жағылды.

Содан бері достық күші билеген,
Тербегумен келеді еңбек күйменен.
Қол ұстасқан құрыш білек алдында
Асу бар ма, сірә басын имеген.

Республикам — құтты мекен, қонысты,
Далама кеп достық күші тоғысты.
Көкше астығын — ел астығын бірлесіп,
Қотаруға құт қамбаға болысты.

Дарқан дала батыл қимыл тіледі,
Сол қимылмен соқты орақтың жүргі.
Көкше астығын байрақ етіп биікке,
Тік көтерді ұлы достық білегі.

Аттанғанда талай ұлттың ұланы,
Бар ауызда болды еңбек ұраны.
Сол бір ұран жеңістерге жетелеп,
Далам мұғи дән сапырып тұрады.



ЖҮЙРІККЕ АРНАУ

Бәйгенің алып жүрген бұйрықтысын,
Жұлдызы дара туғап жүйрікпісің.
Жабы болу жараспас, тегі таза
Құйма тұяқ, қыл сабау құйрықты үшін.

«Жүйрікті жүйрік байқар жүгірістен»,—
Дегеп жұрт бәйге жолға үңіліскен.
Ортаға от түскендей дулаған топ
Бір сәтке үнсіз қалды тынып іштен.

Сан тұяқ дүбірімен ала қашқан,
Ақ жаулық шаңға богіп барады аспан.
Ішіпде отты егестің ойпақ салып,
Жосылды небір жүйрік жағаласқан.

Соқтырып көңіл селін кемеріне,
Жұрт сенді сенің озып келеріңе.
Ақтасаң көп сенімін бәйге жолда,
Бақыттың одан артық керегі не.

Барады намыс оты жанды қақтап,
Ат қайда манағыдан тұрған мақтап.
Өлім-ай, сан жүйріктің соңын ала
Шаң жұтып келе жаттың тапырақтап.

Сен тұрдың, көз жасыңа тұншыққандай,
Жәйің жоқ жүрегінді тыншытқандай.
Тас тілген аяғыңнан тамған қанды
Көрмеді әулекі жұрт қырсыққандай.

Жамаған жүрегінде қайғы-дертті,
Не керек өтер бәйге отіп кетті.
Қанды қоз, қаңқу сөздер сыбағанша
Мерт болып орта жолда өлсең етті.

Болды да ұлы жарыс ойлағаның,
Сен бірақ өлім жайын ойламадың.
Асау қан атой салып тұрған шақта
Салмай ма текті жүйрік бойда барын.

Сол намыс бәлкім сені асықтырған,
Жөнелдің топқа ілесіп асып қырдан.
Табаның жер бастырмай тұрса дағы
Бәйге жол — іңкәрлі жол ғашық қылған.

Текті асау салсаңдағы тұмылдырық,
Кетпей ме жойқын іске ұрындырып.
Сен дағы мына күймен тұрғандайсың
Жүйріктің өр мінезін ұғындырып.

Килігіп сан тараулы сұраққа мен,
Демеп ем қаңқу сөзді құлаққа ілем.
Хас жүйрік қасиетін танымаған
Жандардан шошынамын бірақта мен.

Жүйрікті жаратпаған қорласын деп,
Келер күн үміт гүлі солмасын тек.
Тілеймін, жануарым, жатсам-тұрсам
Бұл жарыс — соңғы жарыс болмасын деп.



017095

Северо-Кзахстанская областная
БИБЛИОТЕКА
г. ПЕТРОПАВЛОВСК

ТАНАПТЫҢ ТАРЛАНБОЗДАРЫ

Жаһұтты дала, бақытты дала, бай дала,
Телегей теңіз — теңселген егін айнала.
Қырмандар анау қырларда дәнді күреген
Қарқын бар онда, қарқын бар бүгін қайда да.

Алқаптар үсті қалғуды қойған қашаннан,
Дестелер — кесте мың өрнек тартып жасапған.
Сезінгің келсе, сүйсінгің келсе, ағайын,
Танапқа кел еңбектің селі бас алған.

Бұл маңда түн де көрпесін қымтай алмаған,
Жұлдыздар жерде самала болып саулаған.
Диқандар мынау дән-толқынмен алысып,
Мұхиттан маржан сүзгендерден аумаған.

Танаптар бойын тың дүбір тербеп өткендей,
Аңыздар анау сар жолақтанған шекпендей.
Қырларға қарай жамырап жатқан ақ жолдар
Жосылтып өтсең ақ жаулық шаңға бөккендей.

Далада бүгін дабыл бар бұрын білмеген,
Шабыт бар онда жас шыбық-жырдай бүрлеген.
Диқандар әне, даланың нағыз батыры
Жетелеп әкеп күніңді түнге күрмеген.

Туған ел үшін аямай терін төгетін,
Тұғырда тұрып іргесін түннің сөгетін,
Диқандар деген даланың тарлан түлегі,
Қақ жарып өтер қиындықтардың бөгетін.

Сен озсаң диқан, елімнің алға озғаны,
Қабылда мепің жырымды қолды соз-дағы.
Жерің мен сенің теріңнен өнген дән үшін
Мың алғыс бүгін танаптың тарланбоздары.

ДАЛА

Мекен болғап пебір тарпаң асауға,
Мен даламның бүгінше қызығамын қашап да.
Өйткені ол қайта түлеп жасарған,
Өйткені адам бүгін оны қолмен қайта жасауда.
Бұл даладың таулары бар тым биік,
Жандары бар еркіп өскен күн сүйіп.
Дала деген ұғымды ұққың келсе егер,
Арымайтын арғымақ мін,
күйрық-жалын шарт түйіп.

Ұғынарсың сонда ғана бәлкім сен,
Сезе білсең дала — дана, дала — жомарт, дала кең.
Менің бабам сол даладай дарқан-ды,
Өйткені ол әрқашанда бірге болған даламен.
Ешқашан да қимағап ғой менің бабам мекенін,
Осыдап-ақ ұғынарсың дала қандай екенін.
Даламызды сүйе біл тек жалтақсыз,
Құрмет тұтам, кім болсаң да саған тағзым етемін.
Қарттарымыз дала сырын шертеді,
Деме бірақ олар айтқан сөздің бәрі ертегі,
Олар-дағы бір кездерде бала боп,
Жауға шапқан атасының сайгүлігін ерттеді.
Менің жаным бір ғажайып күй ұқты,
Қыранпан да шырқау шығып, мекен еткен биікті.
Жатсынуды жаратпайды жандары,
Сопдықтан да осынау мекен маған әр кез сүйікті.



САРЫН

Қотан қойны ақ тозаң бұрқыраған,
Жөргекте бобек күлмей шырқыраған.
Көк сүңгі түпдік тіліп жарқ еткепде,
Батырдың сай-сүйегі сырқыраған.

Көген үзген көп қозы үрке қашқап,
Ауыл үсті у да шу, түтіп басқан.
Теңселген жас батырдың көз алдында
Шыр айналып барады заңғар аспап.

Сойыл ойнап шарт та шұрт тобық қаққан,
Иесіз ат андыздап лаға шапқан.
Тас плеген сом тұяқ дала тосін
Сабалайды гүрзідей неше батпан.

Қарындастың қырқылып қотаң шашы,
Гүлге қонды тамшы шық — көздің жасы.
Алқа қотан ауылдың орнында тек
Жел үйірген қалыпты қоламтасы.

Жарқ етті де ақ семсер бір-ақ сыпды,
Айқас өтті, осымен бәрі тыпды.
Тек қана қырда қалған көп қобыздың
Көмейінен тогілген күйі мұңлы.

Маңқиған маңғаз дала жатыр қалғып,
Бұралқы ит, үйір жылқы кетті қаңғып.
Күй өксіп жорық жайын баяндайды,
Бейнетқор бейбіт елді кеткен қан ғып.

Қара шал күй сазымен теңселеді,
(Бір-ақ уыс, бір кезде еңселі еді).
Қобыз үні қылқынып шықпай қалар,
Ел азасы есіне келсе тегі.

Содап бері бірталай, уақыт өткен,
Күй-мұра, қобыз — шежіре сырып шерткен.
Ұрпақ бүгіп тамсапа тыңдайды кеп...
Япырай, күй қуаты күшті петкен.

Өшпеді, сарын сазы алқыпбады,
Сірә, сол күй қос жүзді алқымдады.
Ажары артып, алтындай жайпай түсер
Талай уақыт отсе де тартылғалы.

Күйіпе меп қазақтың қайран қалам,
Күй төксе жігер бар ма қайралмаған.
Мұң-зарын қыл қобызға тастап кеткен
Құдіретіңнен айналдым, қайран бабам.



ЖУРНАЛИСТ

Жаңалық хабар күн бұрын,
Жетеді оған басқадаң.
Көңілге құйып күн тұрып,
Естиді сосып басқа адам.

Өмірдің тасқып тышысың,
Әйгілеп елге жүреді.
Дүбірлі дәуір ұлы ісің,
Сезеді дархап жүрегі.

Сұрапыл соғыс кезінде,
Елімен бірге жүдеген.
Майдапның алғы шебінде,
Оқопта талай түпеген.

Жамылып солдат шнелің,
Репортаж жазған шайқастаң.
Кездерін оның білемің, —
Қалам мен пайза айқасқаң.

Қалада, тыңда, далада,
Ғарышта, қпыр шалғайда...
Сапарға шықпай қала ма,
Шақырса болды жол қайда.

Құрылыста бірге жүреді,
Алдыңнап шығар шахтада.
Уақыт боп соғып жүрегі,
Өзіңмен тұрар вахтада.

Тілеген көптің бақытың,
Жүрегі сүйер күн нұрың.
Сол үшін, өзің, уақытың,
Арпаған барлық ғұмырың.

Жанының отты алауың,
Баршаға бөліп береді.
Советтік сөздің жалауың
Пық ұстап қолда келеді.

ТІРЕК

О, басында тұлғасы оның ерек ті,
Бүгін одаң бір де белгі қалмаған
Сол адамды ұқсатамын теректің
Түбіріне от жалыны жаламаған.

Тірлік жүгіп арқалаумен қалтыраң,
Арман етіп жүрсе де екі аяқты,
Көпке ілесіп келе жатыр ол бірақ,
Тірек етіп баласы мен таяқты.

Әке десе шыбын жаны бөлек бір,
Қасындағы баласы анау кекілді.
Өрт шарпыған сол баяғы теректің
Жапбай қалған бір бұтағы секілді.



МАЙ ТОЛҒАУЫ

Сағындым сені, сарыла күттім,
Келсеңші, кербез сал самал.
Таусылар болды төзімім тіпті,
Қайдасың, қайда бал самал?

Самал да, самал, сабылтып мені,
Қырларға сопау шақырды.
Сағыныш қиып, арулар тегі,
Ұйқысыз таңды атырды.

Аңсаған көңіл өзіңді ғана,
Аққуға балар ақ маңдай.
Ынтығы күшті осыпау дала
Өзіңді тосып жатқандай.

Сарғалдақ гүлді самсатып қырға,
Белдерді олар сағым боп.
Келсеңші Майым, балқытып пұрға,
Бақ тілеп атқап таңым боп.

Қапатын қақты армандар биік,
Мұндайда шырқар жыр қандай.
Арайлы шуақ маңдайын сүйіп
Осынау көптің тұрғандай.

Балдырған бала барабан шертіп,
Ту біткен қолда желбіреп,
Саумалды самал елтіте желпіп,
Төнеді шуақ елжіреп.

Қолкіген көңіл, көктеңбіл көктем,
Сел сезім билеп барады.
Шаттығып шалқар шуағын төккел
Басталды Майдың парады.

АЙТСАЙШЫ

Ақ табан тұлпарлар арыған,
Далаың кеңдігіп айтсайшы.
Тұяғып көк тасқа жаныған
Қыранның өрлігін айтсайшы.

Алқа етіп гүлдерді тағыпған,
Туған жер қырларын айтсайшы.
Сүйгенін сарыла сағынған
Сел-сезім сырларын айтсайшы.

Төсінеп мың толқып тараған,
Моп-молдір көлдерді айтсайшы.
Наздапа қыла қараған
Момақан көздерді айтсайшы.

Қпындық дегеннен қайтпаған,
Жігіттің мәрттігін айтсайшы.
Бәрінен жалғапдық айтпаған
Жүректің пәктігін айтсайшы.



МАХАМБЕТТІҢ МОНОЛОГЫ

Қазанат мініп қасқайып,
Жауға шапқан кездерім...
Жанарымнан жас тайып,
Мертігер күнді сезбедім.
Сұңғыла сұңгі, ақ балта
Қаруым болды асынгап.
Қорегім болып көк малта,
Борідей жорттым ашынгап.
Сексеуіл тектес серпіпді,
Адуын мінез ұл едім.
Азаттық билеп еркімді,
Теңдігін көптің тіледім.
Менсінбей өтсем хан тағып —
Мәрттігім болар тегінде
Атқызбай жүріп жау тапын,
Шарт сыңуым тегіп бе?
Тізелеп барып тік тұрсам,
Жалғыз ерге пәсі мін.
Ақ ордаға ат бұрсам,
Айтар ем ханның кесімін.
Ақ шулап құмып Нарыпшың,
Айқаспен оттім адақтап.
Исатай сынды нар ұлдың
Соңынан ердім мадақтап.
Тірескен жауды тірі алмай,
Түділер шағым туды ма?
Сүрініп қайта тұра алмай,
Ақ борап сезім туды да.
Жалдап та оттім Жайықты,
Ескексіз, пәсіз қайықтай.
Жаралы жапым жабықты,
Көңілдің бұлты айықпай.

Тұлдырсыз туған жер жайдақ.
Ауызындай іріп жараның,
Өкіпіш уы бой жайлап,
Өртсіп кетіп барамын.
Өзекке түскен қызыл шоқ
Өртемей, сірә, кетер ме?
Кеудесіп жаудың ажалды оқ
Тулақтай тесіп өтер ме?
Ұлардай елім шулаған,
Қайраңға түсіп қамалды.
Құсалық дерті улаған,
Шарболат сынды ағаңды.
Ақборан тектес жыр менеп
Несіз қалмас қазанат.
Жорықта бірге жүрмеген,
Арманым болдың, азамат.



ӨМІР ӨЛМЕЙДІ

Жүдеткен жүзін жас шайып,
Аналар қанша ол кезде.
Жесірді жүрген «бақ тайып»
Ортеді-ау осек елкезбе.
Арулар шылап жанарын,
Сүйгеніп күтті тұншығып.
— Болғай,— деп — аман
қарағым,—

Қария ұрды құлшылық.
Пошташы шалдап кеңседе,
Естісек, мәзбіз, жылы леп.
Қаралы хабар келсе де
Талайлар жүрді: «Тірі»,— деп.
Қызық қой үміт қалай да,
Жұбатар жүдеу жаныңды.
Өлімге қию оңай ма
Әкеңді, туған бауырды.
Тағдырға бір сәт көнсек те,
Ұмыт боп ешкім қалмады.
Келмейді енді десек те,
Беймәлім үміт арбады.
Қалса да әкем жырақта,
Көңілім «олді» демейді.
Озім де сенем бірақ та,—
«Өмір» — деп өлген өлмейді.



ҚОС ТЕНТЕК

Бір теуіп байлап қойған қара ағашты,
Асау тай бала мінген ала қашты.
Арынып баспақ болды-ау тентек бала,
Тізгінін талмай тартып жағаласты.
Торт тұяқ тіктеп тиіп бірақ жерге,
Тентек тай тартып берді құба белге.
Шал қалды үй қасында бүгжең қағып,
Түрі бар бел байлаған тәуекелге.
Қайтарып қарсы соққан желді өкпек,
Тай шапты қарайғаннан шоши шеттеп.
Кей сәтте тұра қалып мөңкиді кеп,
Баланы қайтсе де бір жығып кетпек.
Бала да ұғынғандай асау сырын,
Қарына орап апты қыл шылбырып.
Сауырлап сегіз өрім қамшыменен
Бермейді безек қағып тайға тыпым.
Қаттырақ жібергенде қамшы басып,
Кеткендей болды асаудың «жыны» қашып...
Ауылға келе жатты кешке тамаң,
Бала шат, тайпалған тай сылбыр басып.



ҒАЖАП ДАЛА

Тусырағап тың оңір қайта түлеп,
Еңбекпен ерлері таңды атырғап.
Қырмап болып қырлары бидай күреп,
Маңдай терден диқаны дән сапырған.

Бороздадан өріліп сан мың бұрым,
Дала жатыр керіліп зер тыстаған.
Дархан оңір көрмегеп бұдан бұрын.
Қарқыны мол қимылмен тыпыстағап.

Мол дәулетті халқына несіп етіп,
Күн аймалап дидарын Есіл жатыр.
Тың қыртысын түренмен кесіп өтіп,
Байлық сеуіп барады диқан батыр.

Байлығын бауырына жатқан жастап,
Бұл күнде мың түлеген дала ғажап.
Күңгірт күн көлеңкесін серпіп тастап,
Жасарды сол даламен баба қазақ.



АЯЗБЕН ӘЗІЛ

Тепеңдейді тентек жел,
Ұлап қарды үйіріп.
Дүр сілкінді қырат-бел,
Жатқап жайлы бұйығып.

Көл шыңылтыр көк тайғақ,
Мұз жамылғы — тосегі,
Бір қырыннан қақпайлап,
Бізғырық жел еседі.

Аяз қақтап ажарып,
Ақ жем болғап атырап,
Суық сорып, сазарып,
Гүлдейді жатып ап.

Аязға бой алдырып,
Безектегеп сауысқап
Қара орманды қалдырып,
Үй маңына ауысқап.

Торғайларға обал-ақ,
Соқса суық борапың,
Үсіп қалар домалап,
Есігін аш қорапың.

(Паналы жер көздегеп.
Шыбын жашып қорғайды, ә?
Туған жердеп безбегеп,
Торғай екеш торғай да).

Көрмеген соң қорышып,
Ауыздық сап құр атқа,
Ер үсті боп орыны,
Шықты жігіт қыратқа.

Алшы киіп тымағын,
Жігіт жылқы бағып жүр.
Дарыта алмай тырнағын,
Ұятқа аяз қалып жүр.

Шымыр аяз шатынап,
Қарып-қарып алады.
Бар ызғарын шашып ап,
Ақпап кетіп барады.

Барар жерің мәлім ғой,
Бұрқылдасаң бұрқылда!
Бұл жылдағы әпің ғой,
Көпбен бірақ ырқыңа.



САҒЫНЫШ САЗЫ

Белдерден сонау
Ойнаған сағым,
Ізедім сені,
Таппадым жаным.
Армандай асқақ
Таулардың басын
Шалып бір өттім қыран боп.
Нәсерлер қаптап
Токкенде жасын,
Құйылдым мен де бір ән боп.
Бетпақтың бетсіз
Безерген тасын
Көргенде қалдым аялдап.
Алаулы аптап өткенде ортеп,
Аңсадым сені сая-бақ.
Теңселіп кетті,
Әндерін шырқап,
Тым-тырыс тұрған тоғай да.
Ақ боран — сезім,
Өтті бір бұрқап:
Сағыныш шіркін оңай ма...
Дедектей аққан
Бұлақ та сенің
Күлкіңді еске салады.
Қайдасың, қайда,
Таппадым, жаным,
Жаутаңдап жанар талады.
Ауылда қалды
Бауырым менің,
Оны да бұлай іздемен.
Демеші бірақ
Бәрінен артық
Болды ма саған қыз деген.
Жолыңды бөгеп алғандай шын-күз.

Тирелдім бе әлде тұйыққа.
Бір емес мың қыз
Алдымнан өтті,
Бұрымш тастап пыққа.
Жасырам песін,
Бәріне тегі,
Ұрлана козді қададым.
Ұқсатпай сені,
Біріне соның,
Ілгері кетіп барамын.
Жүрегі пәзік
Жандарға мынау
Сағыныш жолы қшып-ақ.
Кетер ең балқып,
Сый етіп тартсам,
Сағынышымды жып ап.
Шығасың бәлкім
Алдымнан менің,
Арайлы алтын таңым боп.
Тұрармын сонда,
Қарсы алып сені
Әуезді әсем әнің боп.



АУЫЛДАСТАРЫМА

Армысың сен, арманымшың қанат қаққап мекені,
Сен шаттансаң төбем көкке жетпей қалар екі елі.
Қапымдағы ыстық алау топырағыңнап дарыған,
Осы-ау, сірә, туған жердің қашан да ыстық екені.
Көкірегімде күмбір қаққап тұйық, тылсым сырлы
ағын,

Еске салад өзіңе әлі арналмаған жыр барын.
Күнде ертемен елеңдеумен оянамын, ауылым,
Аспаныңнан тыраулаған үпін естіп тырнаның.
Балаусалы балғын шақтың іздері бар қырыңда,
Сырларым бар тұнып қалғап тана көзді шығыңда.
Қалай, қайтып ұмытармын ақ селеу мен қауыңды,
Ұқсап кетер жел желпісе, тарқатылғап бұрымға.
Көз алдымда тұрасың сен бір ғаламат сезім боп,
Өзгені емес, өзің жайлы ойланатын кезім көп.
Жас жаным тыным бермес айтылмаған әнімсің,
Аңсап ұшар аққу — арман, айдын көлі — өзің боп.
Айналайын арманымның қанат қаққан мекені,
Сен шаттансаң төбем көкке жетпей қалар екі елі.
Тірлігімнің тиегіне тұрақ болған ауылым,
Сағап деген махаббатым мәңгілік боп өтеді.



СЫР

Өзіңнің ойлы жүзіңнен,
Мөлдірін ұқтым көңілдің.
Көзіңде сонау сүзілген
Сырлары қанша өмірдің?

Сезімнен нәзік жаралған
Бейнебір үркек киіктей.
Алдымнан өтсең, ақ арман
Кеудемнен ұшар биіктей.

Оранып сезім селіне,
Кездерім жоқ-ау тыншыған.
Көңілдің қоншы көліне,
Аққуым болып сыңсыған.



КҮЙ

Сан тарау соқпақ, жетелеп кетсе іздер мың,
Егіліп күнде, елеңдеп сені іздермін.
Сол шақта күйім, керімсал, кербез қалпыңмен,
Оралсаң болды құанышымыз болып біздердің.

Құлагер күйлер жосылта шауып барады,
Беймәлім маған қай тұста тыным алары.
Әуені бөлек келешек жақсы күндердің
Кеуделерінде күмбірлеп жатсаң жарады.

* * *

Сенбісің ұлы дүбір, соны сарын,
Аптығы басылмаған арқалы арын.
Сенбісің тәтті күйдің тәдірісі —
Тәттімбет жеке шыпар, дара дарын.

Сенбісің кемел күйдің кемеңгері,
Тұңғық сыры неткен тереңде еді.
Қара тас балқып кетпей неге жатыр,
Ол шіркін шемен бе еді, керең бе еді.

Сенбісің мамыра жай, мақпал әуен,
Жайлаудың ақ жамбылы сымбат сәні ең,
Өзіңе құлақ тосып елтіп жатыр,
Күйге құштар осынау сыршыл әлем.



ЕГЕР

Тусам егер көк тағысы — қыран боп,
Қалар едім өршілдікке ұран боп.
Ақын болсам жүрер едім толғатып,
Жүрегіңде қалу үшін бір ән боп.

Толқып болсам жарды шаяр ақырын,
Кемеріме сыймай көбік атар ем,
Бұла күшпен буырқанып жар сүзіп,
Әйтеуір бір тышым таппай жатар ем.

Тұлпар болсам батыр мініп баптаған,
Жауға қарсы көсілер ем қаптаған.
Ең бастысы, туған елдің парызын
Ұлы болып қалсам болды ақтаған.



ҚАЙТҚАН ҚҰС. САҒЫНЫШТАР.

Топшысып бекітті ме балапаның,
Табылды ма у-шусыз жайлы мекен.
Бауыры сүйіп көлдің алақапын,
Қапысыз ақ айдыңға қонды ма екен.

Тобсеңнеп қайтқан құсты тыраулатып,
Әлде әлсіз қанатыңды қағармысың,
Жанардап көк аспанды бір аунатып,
Шашып ап мамығыңды қалармысың.

Сеп қалған сол араны айпалсоқтап,
Сұңқылдап өксір ме екен балапаның,
Баз кешкен балалық пен сепі жоқтап,
Қарсы алып ұшар ма екен дала таңың.

Ұғыып тіршіліктің қатал заңың,
Шпырығып сілкінген ол биік самғар.
Жүрекке құйып алған ана зарын
Керпейлі керуенге барып жалғар.

Қаққапта қанатыңнан дауыл тұрып,
Айырып омыраумен бұлт қабатың,
Армандай анашыңның мөлдір, тұнық
Колдерге жетсең болды дем алатың.

Сан рет ұя салып, мамық төккен
Туған жер топырағында қалу үшін.
Қайта орал, арман-құсым, келер көктем,
Анаңның арқалап ап сағынышың.

* * *

Суды сызған сұқсыр құстың бауыры,
Жас арудың жанарындай жарқ етті.

Солқ етті де қара жердің сауыры,
Қамыс басып шайқаған үн саңқ етті.

Жалғыз оқпен бір ғұмырды тауысып,
Әккі мерген суды кешіп барады.
Сұңқылдаған сұқсыр құстың дауысы,
Жүрегімді жаншып отті жаралы.

* * *

Тыраулаған тырналар биіктегі,
Үндерің неткен ғажап сүйікті еді.
Сағыныш па кеудеңе сыймайтұғын,
Қпмайтұғын әлде бір күйік пе еді.

Әйтеуір мен үніңді ұнатамын,
Сағынамын, жанымды жұбатамын.
Жұбатарым — көктемде ораларың.
Сағынышым — қол бұлғап ұзатамын.

* * *

Бейнетті жолда бекем бол,
Сапарың ұзақ, жер шалғай.
Айтайын — жалғыз тілек сол:
Жеріңе жет бір талмай.

Арып бір жеткен шағыңда,
Алдыңнан шықсын ала көл.
Кезепген оққа шалынба,
Тілеулес жанды таба гор.

* * *

Тілейді саулығыңды сарала бел,
Самсап қалған қайыңды қалың орман.

Тілейді саулығыңды айдыңды көл,
Жасыл желек жағасы қимас қорған.

Саулығыңды тілеумен толқып жатыр
Базары тарқамаған мына далам.
Атар таң, ашық аспан — жасыл шатыр,
Тілейді саулығыңды барлық ғалам.

* * *

Мендегі сағыныштың сен бір ұшын
Орап ап қанатыңа кеттің самғап.
Қайырлы сапар болсын, қайтқан құсым,
Күз бенен көктемені жатқан жалғап.

Бір сезім бұлк еткізіп жүрек тұсын,
Ән шашып қайтқан іздеп ұштың самғап.
Қайырлы сапар болсын, қайтқан құсым,
Арманшыл үміттерді жатқан жалғап.

* * *

Жанарынан үзіп ап ақ моншақты,
Қарала қаз қаңқылдап қанат қақты,
Туған жерде қалар ед әттең, әттең,
Қыраудан қамыс, қоға үкі тақты.

Айналып ақырғы рет жап — ұясын,
Қия алмай толқыпды көл — дариясын.
Қарала қаз қаңқылдап кетіп барад,
Қайталап қимастықтың ариясып.

* * *

Сорғалап сонау биіктен,
Жеткенде үнің талығып.

Сағыныш атты күйіктен,
Қалады жапым жабығып.

Қайырылып мойып бұрмастан,
Сапарға шыққан кезінде,
Күңгірттеу тартып нұрлы аспан,
Жүдеулік енер сезімге.

Сарыла күткеш шақтарды,
Ұзарға көрме жаңылтып,
Айдыңды қол, ақ таңды,
Сағыптай орал сабылтып.



АЛЬПИНИСТЕР

Қақаған ақпапыңда аяз қарып
Тұрса да көрмедік біз әсте налып.
Отымен өршілдіктің егіз туғап
Альпинистер дегенің ғажап халық.

Шыңдар мен шоқыларды көктеп отіп,
Дамылдап отырамыз бұлтқа жетіп.
Қадаймыз ең биікке жеңіс туып
Альпинист ерлігінің белгісі етіп.

Көрмеген қиыпдықтап бір сәт ықтап,
Жүреміз паң шыңдарды бұғалықтап.
Альпинист оршілдігін хош көргендей
Қанатып қырандар да қағар құптап.

Бұлтымен асқақ құздың бетіп жүған,
Шыңдардап шыңдар асып армап қуған,
О, баста-ақ альпинистер асқақ жаңдар,
Өйткені, оршілдікпен егіз туғап.



ӨМІР ӘУЕНДЕРІ

Соғыс шіркін қатыгез-ау ежелден,
Көздің орнып көз әйнекпен тыстаған
Соқырларды кезіктірsem егер мен
Таяғы боп кеткім келер ұстаған.

* * *

Күн батарын түсіпsem де, арайлы
Таң шапағын коруге әсте асықпын.
Таңпан кілең тірлік оты тарайды
Сол бір отқа мен де мәңгі гашықпын.

* * *

Тіршіліктің тынысы бар, қапы бар,
Уа, адамзат, тәңірімнің табынар.
Өз мекенің — домаланған жер түгіл,
Айда дағы табапыңның табы бар.

* * *

Бұзатын маужыраған тыныштықты,
Дей көрме қолымдағы қылыш мықты.
Соқпасақ сом темірді қару етіп,
Сол қылын білмес еді құрыштықты.

* * *

Кіпктей керілген кең дала құшағып
Қиялмен аралап, қиялмен құшамын.
Жомарттық тынысын өзіңпен үйреніп,
Өзіңе келеді, кең дала, ұқсағым.

* * *

Соқырлығын ескермейміз мәңгілік,
Гомер қартты сөз еткенде құрметпен.
Өйткені оның ор дауысы жаңғырып,
Жпырмасыншы ғасырды да тербеткен.



ҚЫРАН ҚАСИЕТИ

Қыранда да қырап бар самғайтұғын,
Самғайтұғын биікке, талмайтұғын.
Оларда да бар шығар әлжуаздар
Тышқан аулап өзегін жалғайтұғын.
Оларда да бар шығар, шеңгелдерін
Арлан түгіл кожекке салмайтұғын.
Қырап атын қор етіп қиядағы
Ондайларға меп қайтып қия аламын.
Қияр-ақ ем қаласаң, сенші бірақ
Сенеп емес, өрліктен ұяламын.
Өмір жасап кететін өлімімен
Шып қырапды таппын өлімімен.
Ақтық рет жппап ап қапат күшін,
Ту биіктен құйылса қырап құсым,
Ездік емес ол сірә, ерлік болар.
Шыпдығы сол, жарқыным, солай түсін.
Жігеріңді жасытпай жапу үшін,
Жұлдыз болып ғарыштан ағу үшін,
Қыран деген аты емес, қайрат керек
Ту биікте мәңгілік қалу үшін.



ТҰТҚЫНДАҒЫ БАТЫРДЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Сіріге сап сірестіріп тіктің де,
Аш белімді аш күзенше бүктің бе.
Құм құйылғыр апау екі көзіңе,
Жігерімді құм қайрақтай үктің бе.
Шаңға аулатып сүйреттің де тулақтай.
Босағаға байладың ба лақтай.
Қоргасындай тамып кеткен ыза-көк.
Өзегімді ортеп барад шыдатпай.
Керегеңе көпек құсап ілесің,
Тұзға малып табанымды тілесің
Туғап ел деп тулап жүрек тұрғаңда
Саған неңде болмасымды білесің.
Жүрегімді шабақтап ой мазалап,
Өзімді өзім сыбап жатам жазалап.
Тұтқышың боп босағаңда тұрмас ем,
Сол соғыста сүріпбесе қазанат.
Мәзсің-ау, ә, жығылғанды байлап аң,
Жатсам еді туған жерде жайрап ақ
Көкірегіңе көк сүңгіні сұқсам деп,
Келіп едім бес қаруды сайлап ақ.
Бірақ тәңір оңғармады тілекті,
Босағаңа алып келіп құл етті.
(Сен түгілі құдайың да жеңе алмас
Туғап жер деп соққан мына жүректі).
Үміт гүлі сірі ішінде солмайды,
Ата жаумен айқаспадым — сол қайғы.
Туған жерге көміп кеттім жүректі,
Ал, адамда екі жүрек болмайды.



ТЕБІРЕНІС

(Сәбит Мұқановтың қазасын естігенде)

Тынды жүрек. Жан жылады. Еңіредік бәріміз.
Егілуде елжіреп бір жасымыз да кәріміз.
Қайран Сәбе, кеткенің бе, өткенің бе омірден,
Сұм ажалға ара тұрар келер емес әліміз.

Көкшетаудың көк мұнары мұзданады, жылайды,
Бұлақ біткен боз іңгендей боздап жасын бұлайды.
Қалай ғана көтере алар ер қазасып қара жер,
Туған елге ауыр болды-ау, ауыр болды-ау бұл
қайғы.

Сіздің ізгі жүрегіңіз аңқылдаған арман-ды,
Көңіліңіз көктем еді нұрға болер бар маңды.
Арсыз ажал қпды-дағы алып жүрек тынысым.
Туған елдің топырағына жалын болып жалғанды.

Сіздің асыл ажарыңыз көкжиектеп батпайды,
Сөзіңізді ұрпақ біткен ұмытпайды, жаттайды.
Қайғыңа ортақ Көкше жұрты, қабіріңе бас піп,
Бейпеңізді шып асылдай көңілдерде сақтайды.



СЫРЫМБЕТ

— Асырган Ақап әніп тобесілеп,
Сырлы тау — Сырымбетті көресің сен, —
Дегеншең-ақ елпендеп, елестедім,
Көкшеде көзіксем де сан есіммен.

Көк сағым көз алдымда бұлаңдағап,
Көк тауды көрсетпейді қылаңдағап.
Көз сүзем көк жпекке,
 ұлан асыр
Көңілмен сиқырлы бір сыр аңдаған.

Әлдилеп әлсіп-әлі ән боратқап,
Сыр екшеп үлгергенше сап тораптап,
Жүрдек жол жетелеген жалт берді де
Көс шоқы шыға келді оң қапаттап.

Ақапға ағыл-тегіл әп салдырған,
Шоқап да шоқысында ат шалдырған,
Армысың аяулы тау, ұлы мекен,
Көп адам қарап сағап көз талдырған.

Еңселі болмасаң да көк тіреген,
Жоталы болмасаң да бұлт түнеген,
Сырымбет саласының сиқыры бар,
Қойныпта талай әсем ән түлеген.

Баршаны табындырған, сүйікті еткен,
Тұлғаңды сұлу әппен құйып кеткен,
Ұлдарыңа мың алғыс, беу Сырымбет,
Еңсеңді елден ерек биіктеткен.



СӘКЕН КӨШЕСІ

Заңғары биік ақ шатыр аспан
Көктеңбіл түске боялған.
Айылын жпмай атырап жатыр
Алуан сырға бой алған.
Көшелер жатыр тірліктің шертіп мың күйіп
Кірпігі күміс, алаулы пұрдан ояпған.
Келемін мен де көшемен мынау
Мазалап бір ой тынымсыз.
Жол бойы баған,
Сыңсиды сымдар,
Шолмектей қалғап тығышсыз.
Пердесін сырмай,
Ұялшақ қыздай,
Терезе біткеш тұр үнсіз.
Осынау көше құшағып жайып,
Алдымнан шықса әмәпда,
Жасырам несін, ой салып кетед маған да.
Асаулар мінген адуын жандар,
Атойлап ұран тастаған.
Ұрандап шапқап солардың тобып
Сәкеннің өзі бастаған.
Тұлпарлар шапқап көшесің бойы
Теңіздей тулап жатқап-ды.
Арайы алтын Октябрь таңы,
Азаттық болып атқан-ды.
Сол көше бүгін мерейлі таңның
Нұрыпа балқып боялған.
Өйткені күрес басталып содан,
Сол көше көптің арманы болып ояпған.



Екінші бөлім



Поэма



СЫРЛЫ ҚОБЫЗ

Қара түн қаһары мол қату қабақ,
Зіл жыңбыр жердің тосін жатыр сабап.
Жөңкілте айдап барад ышқынған жел,
Тоғытқан қалың қойдай бұлтты қамап.

У да шу, айқай сүрең аспан асты,
Бұлт жөңкіп, жай жарқылдап жалын шашты.
Қарт емесі қақ болініп құлағанда
Заңғар шың күңіреніп бетіп басты.

Ақ көбік ақтарылып арнасынан,
Ұмтылды долы толқып жар басына.
Бура тас сайда жатыр аударылып
Қалғандай жолаушының арбасынан.

Айналып ақ пөсердің алауына,
Шатқалдың сел құйылды танауынан.
Тоз-тоз боп бара жатыр бұлт ыдырап,
Шыққандай қырық қатыппың сабауынан.

Дабылын жібергенде қағып-қағып,
Түседі жайдың оғы от боп тамып.
Тау қойны күңіреніп қалшылдайды.
Мың бақсы билегендей зікір салып.

Долы күш бұлт сабасын сөккендей-ақ,
Сөккен соң сел боп жаңбыр төккендей-ақ,
Аспаннан сан мың тамшы сорғалайды
Өңменін қара жердің тепкендей нақ.

Аршаның арса-арсасы шығып қалған,
Самырсын жайрап жатыр құлап жардан.
Жай түсіп жайнап кеткен жайы бар-ау,
Көк түтін бықсып шығады өрім талдан.

Кеткендей бұл тірліктен көңілі суып,
Тік тұрған тарғыл тастың өңі суық.
Найзағай от қамшысын үйіргенде,
Қалады қалш-қалш етіп ашу буып.

Тік тұрсаң өңменіңді кетер тесіп,
Суық жел терістіктен соқты есіп.
Осындай азабы мол ауыр шақта
Бір адам келе жатты батпақ кешіп.

Сақалы белден түскен, өңі кәрі,
Жүзі бар тұнжыраған түннен де әрі.
Маңына қатулана қарайды кеп,
Болған соң төңіректе тосын бәрі.

Тап өзін бейнеті мол жанға балап,
Есінде туған елден шыққан сағат.
Бір қиыр сахараға бет түзеген,
Жегілген тарантасқа атын сабап.

Қалдырып қыр астына туған жерді,
Бұл дағы ұбақ-шұбақ көшке ерді.
Ресейдің мұңға бөккен бір мұжығы,
Осылай сар далаға жосып берді.

Артында бейнет кешкен елі қалды,
Ойлы арман, дән өсірген жері қалды.

(Ресейдің кең болғанмен жері байтақ,
Кедейге ол заманда дүние тар-ды).

Ұзақ жол, арып-ашып өзек талды,
Талайлар тұралаумен жолда қалды.
Қаймағы бұзылмағап кең сахара
Бұларды құқыл жүзбен қарсы алды.

Көктемде тптықтаған соқа сүйреп,
Көк мәстек мәні кетіп, тартқан күйрек.
Тырбаңдап қыр басына шықты зорға,
Атқанда арайлы таң құлап нек.

Жолаушы мәстек мәніп ұғынды да
Ат басын бұрды бұлақ бұрымына.
Доғарып, от шалсып деп қоя беріп,
Азырақ ниет қылды тышығуға.

Маңайдап тезек теріп отқа қалап,
Істемек болып кемпір ыссы тамақ.
Осы еді отырғаны, сай астыпан
Бір адам шыға келді атып сабап.

Қарт мұжық қалбалаңдап тұрғанынша,
— Тоқта! — деп оған мойып бұрғапынша,
Жаңағы көк мәстекті алдына сап,
Сып беріп өте шықты оқ жылапша.

Өмірдің запырандай дәмін татқан,
Қарт мұжық айырылып жалғыз аттап.
Келеді кемпірі мен ұлып сүйеп,
Мойнына керек-жарақ жүгін артқан.

Сары жел сар далада қацбақ қуып,
Бұлаң бел бұлдырайды сағым буып.
Аптаптан басы айналған қарт мұжықтың
Ащы тер сорғалайды бетін жуып.

Көш кеткен ілгері озып, бұлар қалған,
Қол созар көмекші жоқ тірі жаппап.
Үш қара қалт-құлт етіп келе жатыр,
Әйтеуір үміт үзбей атар тацпап.

Қоржыннап кепкеп пап ап кеміреді,
(Дарифа, петкен қатал өмір еді?)
Кемпірі үш ұмтылып тұрмағанда,
Қарт мұжық жас балаша еңіреді.

Өмірдің аз ба еді жас төккізгені,
Сұм тағдыр жетер жерге жеткізбеді.
Кемпірі ақырғы рет тілге келіп:
— Ұлыңды бір қараға жеткіз,— деді.

Бор болып сай-сүйегі үгілгендей,
Жұбатып айтар сөзге тілі келмей,
Шал тұрды қарт жүрегін қақыратып,
Жалғапшың тірлігінен түңілгендей.

Кемпірі сол арада көзін жұмды.
Тағы бір алас ұрғап тірлік тынды,
Қарт мұжық қазақтың кең сахарасын
Басына көтере өксіп, жылап тұрды...

Мінекей келе жатыр екі қара,
Бірі қарт, бірі аш оң сары бала.
Мұжықтың көкейінде жалғыз арман:
«Дамылдап тынығар жер табыла ма?»

Күн болса екіндіге құлап қалған,
Сал самал соғып берді мацдай алдан.
Кеудесін керіп тастап дала жатыр,
Аптаптан арылған соң от боп жанған.

Сарқылып қалса-дағы қуат шалдан,
Қол бұлғап шақырғапдай үміт алдан.

Жетелеп жортып келед жалғыз ұлын,
— Жетсем,— деп, бір қараға, дүние жалған.

Бұл дала тұлпарды да зорықтырған,
Жеткізбей келед шадды зарықтырған.
Жол жатыр ұбақ-шұбақ арқапдай боп,
Бір қырдап бір қырына лақтырған.

Даланың мың құбылған мінезі бар,
Кейде аптап, кейде шуақ, кейде ызғар.
Мінекей, тағы қаптап бұлт келеді,
Келбетін көргеннен-ақ жүрек мұздар.

Қарт мұжық шынымен-ақ қалды шошып,
Келеді жүрісіне жүріс қосып.
Осы сәт күп шатырлап, көк найзағай
Жіберді аспан астып осып-осып.

Дегендей енді сірә аялдамап,
Жандарды құшағына ап жаяулаған.
Сел жаңбыр құйып берді, опы оқушым,
Жырымның басында меп баяндағам.

II

Байлығы — баспапасы қара-құрым,
Атанған көмір көсеп, Қара мұрын.
Қосай шал жарты лашық үйінде отыр,
Әдетпен елден оқшау қалатұғын.

Тындырар болмаса да ісі ірі,
Күн көрген маңдай термен көптің бірі.
Қобыз ап күңіренер әдеті бар,
Кей шақта шайылсын деп көңіл кірі.

Мініскер сәйгүліктің сынып табар,
Доға мен уық иіп, таға қағар.

Қолының өнері бар көнек көктеп,
Қайыңның қақ безіпен қобыз шабар.

Сан өнер дарыса да бір басына,
Қона алмай шеттеп қалад ел қасына.
Қысқа жіп күрмеуіне жетпеген соң,
Жаз жайлау коше алмай жүр қыр басынан.

Суырып көк темірді қызыл оттан,
Бүгін де таднан тұрып таға соққан.
Содан соң дала кезіп кеткен еді,
Алмақ боп құрық ағаш қайың шоқтан.

Жүргенде бір тірліктің әлегімен,
Жай атып, көк найзағай ойнап берген.
Жауынға шұлығын да шылатпастан,
Еңтігіп қара қосқа келіп енген.

Аспанның етек-жеңін бұлт тұйықтап,
Ақ жаңбыр қара қосты тұр нықтап.
Кемпір, шал тысқа шықпай бұғып отыр,
Іргеден көк нөсерге көз қиық сап.

Алғандай мына жаңбыр үйдің құтын,
Қоңыр күй. Қоңырсыған көкшіл түтін...
— Кемпір-ау, оны-мұның жоқ па еді?— деп,
Ермек қып Қосай отыр ошақ отын.

Кемпірі кебеже түбін қағып жатыр,
Қосай шал тезек қалап жағып жатыр,
Жаңбырдан қорғалаған қара төбет,
Жаутаңдап ошақ түбін бағып жатыр.

Найзағай от ойнатып дүбірлейді,
— Сухан!..— деп кемпір мүлгіп күбірлейді,
Оқшау үй. Ошақ басы, оттың қасы.
Жаңбырдан бөтен дыбыс білінбейді.

Дегендей жаңбырыңнан жүйке тозды,
Қосай шал қобызына қолын созды.
Сөйтті де шарт жүгініп отырып ап,
Боздатып қоя берді «Тарлан бозды».

Кемпірі деді ақшиып:— Алла пірім,
Қосай-ау, бұл не қылған күпірлігің,
От ойнап, күн шатырлап тұрған жоқ па,
Сарнатпай қобызыңды қоя тұрғын.

Тентек шал қиястанып теріс кетті,
Сәл болса кемпірімен керіспекші.
— Құдайдың күркірінен күйім артық,
Сөзіңе Қосай қайтып келіспекші.

Күпірлік десең күйді көзің ақсын,
Құдайға мінәжәт қып сен-ақ жақшы,—
Деген шал шерлі сазды тербей тартып,
Құмарын тарқатып бір тоқтамақшы.

Осы сәт қара тобет ырылдады,
Шақырған кемпірге де бұрылмады.
Далаға шабаланып атып шықты,
Іргеден әлде бір үн қырылдады.

Кемпірі сасқалақтап қорқып, бұқты,
Даладан ащы дауыс қатты шықты.
Қобызып ірге жаққа қойған Қосай,
Біреудің келгендігін енді ұқты.

— Бұл кім-ей,— деген Қосай есік ашты,
Қыңсылап қара тобет бермен қашты.
Қара шал қорыс батпақ кепіп тұрған,
Біреуді аңдап қалды сақал-пашты.

— Баукеспе кісі тонар жанға жуық,
Апыр-ау, мынауың кім түсі суық!—

Деген шал оңтайланып қарсы келді,
Адамға жақындатпай итті қуып.

Күн қағып, суық сорған бейбақ мұндар,
Жапбысың дегендей-ақ күйімді ұғар.
Тізерлеп құлап түсті кемсең қағып,
(Ет жүрек адам бұған қайтып шыдар).

Қосай шал бейтапысты жатсынбады,
Есігіп құрым үйдің ашты дағы.
Мұжықты баласымен жайғастырды,
Бостегін алып беріп астындағы.

— Сеп — орыс...

— Да, да русь...

— Е, бейбақ, келуің жөн, жобаң дұрыс.

Меп — Қосай, ұлтым қазақ, жайым мынау,
Тамақ іш, ашыққан соң не бар тұрыс.

— Әй кемпір, отыңды жақ, қазан көтер,
Боп қапты мына бейбақ бір-ақ уыс,—
Деп Қосай бәйек болып жатыр тіптен,
Қарсы алып мейманындай көптен күткен...

Бар қайғы көкіректі тұрған тіреп,
Сейіліп кетсе дағы, есеңгіреп
Мұжық тұр. Қосай болса қуанулы
Меймапды алгандай-ақ көктен тілеп.

Қазақтың кең пейілді күйін көріп,
Бейбақтың жап жүйесі кетті еріп.
Құшақтап қара қостың босағасын,
Жіберді ыстық жасып төгіп-төгіп.

Бас іді дастарқанға ықыласты,
Ес жыып, жасын сүртіп, мауқын басты.

Көптенгі досы үйінде отырғандай,
Сорлы шал бүкпесі жоқ сырып ашты.

Арылмай келе жатқан құлдық көген,
Онда да кедейлердің күйі томен.
Бір дүмпу туған жерден тайдырған соң,
Қазақтың даласына ауып келген.

Қалдырып кеткендігін Ресейде үйін,
Заманның басқа түскен ауыр күйін.
Жетектеп қара қосқа алып келген,
Тамсана баяндады қобыз күйін.

Мұжықтың күйін тапып азап шеккен,
Өзімдей кедей-ау деп жыртық шекпен.
Қосекен көп ойланбай қобыз алып,
Табысқан ортақ мұңпың кебіп шерткен.

Сол түні қобыз — көмей бір тынбады,
Қарт мұжық қазақ шалдан сыр тындады.
Сап ғасыр арман болған достық — шыңға,
Осы еді қос жүректің ұмтылғаны.

III

Жыл өтті жыл артынап баяу сырғып,
Айтайып оның бәріп несін жыр гып.
Қарт мұжық дүние салар шақ жеткенде
Кемпір-шал жетімекті алған ұл гып.

Қарт мұжық олар шағып сезгендей-ақ,
Сырласқан Қосай шалды қасына ап.
— Тапсырдым Викторымды оздеріңе,—
Деген-ді,— бауырга бас, асырап ап.

Зорлықтан туған елге сипмай кеттім,
Жасымнап кешіп бейнет, қайғы шектім.

Қу тағдыр қудалаумен мына басқа,
Бұйыртты топырағын қпыр шеттің.

Мен бейбақ бақыт жолын ұғынбадым,
Сондықтан осы күйге ұрынғанмын.
Ұққаным осы жаста — достық күші,
Сол күшті тірек тұтып жығылмадым.

Сол күш қой өзіңменен табыстырған,
Ол жоқта ел менеп ел шабыс қылған.
Қан жаусын ақ патшаның ордасына,
Тағы деп қыр қазағын шағыстырған.

Мен сенің қосыңды кеп паналадым,
Сен болсаң, жатсынбадың, ағаладың.
Далаңдай мерейі мол жүрегіңді
Тағының жүрегі деп бағалар кім?

Мен сенің тамырыңмын өзің айтқан,
Осы серт — берік сертім, сірә қайтпан.
Бетпе-бет өліммепен жатқанымда,
Күнәкәр болып тегі жалған айтпан.

Ұлыма жалғыз айтар оспетім;
Ер болсын ақ жүректі ел сүйетін.
Достықтың туын қолдан түсірмесің,
Кпедей қастер тұтып қасиетін.

Қарт мұжық осыны айтып козін жұмды,
Кеудеде аласұрғап жүрек тынды.
Ұл қалды Қосай қарттың құшағында,
Ет жүрек елжірердей жүзі мұңлы.

Қарт қазақ іштей тозып егіледі,
Күй боздап шерді қозғап едіреді.
Қайғыдан қайғы қоздап, қарт жүректі
Әлде не шымши жұлқып кеміреді.

IV

Мақпал жел жұпар бүркіп желпігепдей,
Мына ауыл сол жұпарға елтігендей.
Ақ шаңқан еңселі үйде бүгіп думан,
Жылыш сауық құрған ел түгелдей.

Бұл үйдің шаттанбасқа шарасы жоқ,
(Сен түгіл оғап елдің таласы жоқ).
Кемпір-шал қалай ғана шаттанбасың,
Жас келін түскеншеп соң баласы боп.

Көкшіл көз, ашаң оңді сары жігіт,
Қолтықтап қалыңдығын келді кіріп.
Төрдегі күміс сақал қара шал мен
Қобызға қарап қалды қойған іліп.

Жас ару ата-анаға піледі,
Жұрт біткен мың жаса деп сүйінеді.
Төрдегі тоқсаңдағы тоқпақтай шал
Елжірен жанарға жас үйіреді.

Ақ шарап, күміс көбік испанга атты,
Даяшы сәл сабыр деп дабыл қақты
Қалың жұрт қоғайдайы жанарылап,
Төрдегі қара шалға қаран қақты.

Шал тұрып торде ілулі қобызды алды,
Қыл шекке ал сойле деп қолқа саяды
Көн қобыз күңдіренін кетті сонда,
Елтітіп күй сазымен мақпал маңды.

Мына саз қу тақтайға қалай сығып
Тұрған деп ел отырды сүттей ұйып
Ұшымен жаулығының жүзін сүртін,
Кемпір тұр ауыз үйде жасын тыйып.

Мамырдай қозғалды күй баяу қалқан,
Көңілге бір сылқым саз енді балқан.

Ілескен күміс күйдің қапатына
Жұпардай жұғымды ауа есті аңқып.

Солқылдап тоқсап тамыр жүрек тербеп,
Барады боздағап күй үйді кернеп.
Сырлы әуен мұңлы әуенмен алмасқанда,
Кетеді шымыр-шымыр бойың терлеп.

Ет жүрек елжіреді, егіледі,
Бір қиял күйге елтіп еміпеді.
(Қазақтың бір опері күйі болса,
Мына күй бар күйлердеп керім еді).

Жыраудай тоқсап тарау толғамалы,
Мына күй басқа тілмен толғанады.
Несіне тәптіштейін күйдің жайын,
Сап ақып менеп бұрын толғаған-ды.

Күй бітті. Ел сілтідей тынып қалғап,
Аумады сансыз жапар қара шалдан.
Сәлден соң жұрт тамсаып таңдай қақты,
Айырылып қалғаңдай бір шекер-балдан.

— Ұсынған жаңа ғана елге дүйім,
Тартпағап көптеп бергі менің күйім.
Бектұржап, азырқапбай қабыл алғын,
Тойыңа тартар басты болсын сыйым.

Осы күй ұзақ жылдар жадымда-тып,
Тасығап бойдағы ыстық қанымда-тып.
Сақтап ем, сары майдай, сарқылмапты,
Болғап соң жақышырақ жаныма тым.

Зар замап сыйы болғап қайғы, зәбір,
Сондықтап күйдің аты— «Терең тамыр».
Әкеммен табыстырған айғақ күйге,
Ел куә, оған куә мыпау қабыр.

Отаудың төріне ілдім серігімді,
Аққу үн, кербез сылқым керігімді.
Мұра боп қалсып, ұлым, көне қобыз,
Жүдетпей баптап ұста елігімді, —

Деген шал көп қобызды қолына алып,
Отаудың нақ төріне ілді барып.
Қоңілі босап кетті-ау қарпаның
Қос тамшы өңіріше кетті тамып.

— Жап әке, жас күнімде болдың қорғап,
Соңдықтап Виктор емес Бектұр болғам.
Сен үшіп, ұлы достық құрметі үшіп,
Бокалды көтеремін шарап толғап, —

Деп Бектұр қара шалды құшты келіп,
Гүл атты қарттың жүзі кеткен семіп.
Даладай қасиетті кең дастарқан,
Жүректі жүрекпенен жатты теліп...

Тап төрден тапжылмастай қоныс тепкен,
Аспап деп қасиетті мынау петкен,
Қобызды қолыпа алып қарайды екеп,
Таңданып тамашалап откен-кеткен.

Қосай қарт болмаған соң басар күйге,
Кең шанақ, пір сағақ үнсіз күйде.
Әйтсе де шын асылдың көзіндегі боп,
Әлі де ілулі тұр отау үйде.

Достықтың терең тамыр сырып шерткен,
Қоңыр күй сол дәуірден бізге жеткен.
Өзге емес, өзек жарғап сонау сырды,
Қобыздың өзі мағап мәлім еткен.



М А З М Ұ Н Ы

Бірінші бөлім (өлеңдер)

Жолдар	5
Жастық әуені	7
Көктемдей көсем көлбеті	8
Лениндік сенбілік	9
Қайран әке	10
Екінші ерге	12
Ақық тектес ақ бидай	13
Достық күші	14
Жүйрікке арнау	16
Танаптың тарлапбоздары	18
Дала	19
Сарын	20
Журналист	22
Тірек	23
Май толғауы	24
Айтсайшы	25
Махамбеттің монологы	26
Өмір өлмейді	28
Қос тентек	29
Ғажап дала	30
Аязбен әзіл	31
Сағыныш сазы	33
Ауылдастарыма	35
Сыр	36
Күй	37
Егер	38

Қайтқан құс. Сағыныш- тар	39
Альпинистер	43
Өмір әуендері	44
Қыран қасиеті	46
Тұтқындағы батырдың соңғы сөзі	47
Төбіреніс	48
Сырымбет	49
Сәкен көшесі	50

Екінші бөлім (п о э м а)

Сырлы қобыз	53
-----------------------	----



Кажыбаев Тулеген

НАЧАЛО ПУТИ

(СТИХИ И ПОЭМА)

(на казахском языке)

Редактор *Т. Мукаев.*

Художник *Ю. Юрьев.* Худож. редактор *Х. Абаев.*
Техн. редактор *Ж. Момунов.* Корректор *Л. Ахметова.*

Сдано в набор 21/IV 1977 г. Подписано к печати 3/VI 1977 г.

Формат 70×90^{1/32}—2,125=2,5 усл. п. л. (2,06 уч.-изд. л.).

Бумага тип. № 1. УГ06115. Тираж 5000 экз. Цена 20 коп.

Издательство «Жалын», 480003, г. Алма-Ата, ул. Гоголя, 111.

Заказ № 550. Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.